**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**БЕКІТЕМІН**
**Академиялық мәселелер вице-ректоры**
**________________ Э.Қ.Идрисова**
**____ ________________ 2024 ж.**

# «ҚОРШАҒАН ОРТА» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ

**2023-2024 оқу жылында атқарылған**

# ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

**Түркістан-2024ж.**

**2023-2024 оку жылында «Қоршаған орта» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің жылдық есебі**

АК төрағасы - PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшелері, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал –техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Бейсенбаев Қадырхан Киикбайұлы («ҚР Экология және табиғи ресурстар Министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша Экология департаменті» басшысы), АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Бегім болып 2023-2024 оқу жылында жұмыс жоспары бойынша атқарылған жұмыстардың есебін талқылады.

2023-2024 оқу жылына АК жұмысы ұйымдастырылып «Қоршаған орта» даярлау бағыты бойынша 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламаларының АК жұмыс және мәжіліс жоспары жасалған және Аккредиттеуден өтетін БББ-ры болғандықтан, дайындық жұмыстардың ішінде өзіндік бағалау есебі әзірленіп сайтқа салынды. Жыл бойында Университеттің нормативтік базасындағы өзгертілген ережелерімен танысты, атап айтқанда: Дуальды оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі, Білім беру бағдарламасының және пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің құрлымы, мазмұны, дайындау ережесі, Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу, тәжірбиелік-конструкторлық және коммерцияландыру жобаларды үйлестіру және есеп беру құжаттамалары. 2023-2024 оқу жылында 1-ші курсқа қабылданған 16 білімгерлер контингентіне талдау жүргізу барысында өткен жылы қабылданған білімгерлер саны бойынша салыстырмалы түрде азайғаны байқалды, яғни бұл көрсеткіштің себебін нақты зерттеуге алынатыны анық. 2022-2023 оқу жылындағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін сараптау барысында олардың мемлекеттік тізілімге тіркелмеген жекеменшік жұмысқа орналасқандығы туралы мәліметтер анықталды, яғни осы бағыттағы жұмыстарға да кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстарын жүргізу қажеттілігі бар екені мәлім болды.

6B05247-Экология БББ-ның білім алушылары өндірістік тәжірибиелерін ҚР Экология және табиғи ресурстар Министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша Экология департаментінде өтетіндіктен, қоршаған ортаның сапасын жақсартумен, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, табиғи ресурстарды сақтаумен және қоғамның экологиялық орнықты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізумен; өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік экологиялық бақылау саласындағы мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдірумен айналысуына байланысты жұмыстарымен танысты. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізумен; эмиссияларды ұйымдастыру, үйлестіру, нормалау және экологиялық рұқсаттар беруді жүзеге асыру; мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырумен танысты. Осыған сәйкес БББ-да түлектер моделі бойынша түлектердің кәсіби құзыреттерін меңгеру деңгейіне сәйкес жұмысқа орналасу және жұмыспен қамтамасыз ету іс-шаралары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының Жұмыс жоспарындағы қаралатын мәселелер бойынша талдауды айта кетсек: Университеттің ішкі Ережелерінде талаптарға сәйкес туындаған мәселелерге байланысты өзгерістердің енгізілуі бойынша ұсыныстар толық қаралып келісілді. Бірінші курсқа қабылданған білімгерлердің контингентіне тоқталатын болсақ, биылғы жылға саны бойынша студенттердің азайғанын көруге болады, яғни келесі оқу жылына профориентациялық жұмыстарды жаңғыртуды қажет етеді. 2022-2023 оқу жылындағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін жоғарылату мақсатында мемлекеттік еңбекпен қамтамасыз ету сайттарымен жұмыс жасауды ұсынылды. Өзіміздің түлектер қауымдастығы бар, қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ендігі жерде сайттарға қою мәселесімен айналысу керекпіз.

6В05247-Экология және 7М05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу, жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізу барысында біраз іс-шаралар атқарылды. Атап өтсек: 6В05247-Экология ББ бойынша 2023 жылы жаңартылғандықтан, енгізілген жаңа пәндердің мазмұны, оқытылу деңгейі, тәжрибелік базаның және лабораториядағы жасақтаудың дайындығы жан-жақты қарастырылды. Қажетті құрал-жабдықтар мен реактивтерге сұраныс хаттары жазылды. 7М05223-Экология ББ-да білім алып жүрген магистранттардың зерттеу практикаларының Экология ҒЗИ-да жүргізілетіндігі және олардың зерттеу жұмыстарының нәтижелері отандық және халықаралық басылымдарда шығуы оқыту нәтижелерінің қол жетімділігін көрсетеді. 6В05247-Экология және 7М05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу барысында жұмыс берушілерден ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізілді. Сауалнамалардың нәтижелері талқыланып, ББ-ға қанағаттану деңгейі расталып, сауалнамалар ББ құжаттар тізіліміне тіркелді.

2023-2024 оқу жылында Аккредиттеуден өткен 6В05247-Экология және 7М05223-Экология оқу бағдарламаларының өзіндік бағалау есебін дайындау бойынша жұмыстары атқарылды. Ол үшін 2019-2024 жылдары аралығындағы оқу үдерісіндегі барлық бағыттағы жұмыстардың нәтижелері қамтылды. Аккредиттеуден өту барысында 6В05247-Экология және 7М05223-Экология оқу бағдарламаларын ішкі аудиттен өткізу мәселесі бойынша: Жұмыс берушілерден, атап айтқанда, «ҚР Экология және табиғи ресурстар Министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша Экология департаменті» басшысы Канат Калмахан, «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ басшысы Абдуәлиев Қайрат Аманкелдіұлы, «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» РММ директоры Ниязов Аскар Камбаровичтен сауалнамалар алынып, 2023-2024 оқу жылындағы БББ мақсаты қайта қаралып, оқыту нәтижелеріне сәйкес құзыреттердің қол жетімділігі талқыланды.

Тиімді ұйымдастырылған және жұмыс істейтін кәсіптік білім беру жүйесі қажетті сипаттамалар мен құзыреттерге ие және еңбек нарығында сұранысқа ие білікті маманды шығарады; еңбек нарығында сұранысқа ие, жұмыс берушінің талаптарына жауап беретін, қажетті білімі, дағдысы мен құзыреті бар, басқару мен өндірістің маңызды ресурсы бола отырып, кез келген кәсіпорынның тиімді жұмысын қамтамасыз ететін, өзінің экономикалық қауіпсіздік және әлеуметтік қамсыздандыру; кәсіпорындардың және экологиялық және әлеуметтік тұрақтылыққа сенімді маманның тиімді жұмыс істеуі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына және соның нәтижесінде мемлекеттің білімді әл-ауқатына әкеледі; экономикалық өркендеген және әлеуметтік-экономикалық тұрақты мемлекет тиімді білім беру жүйесін, оның ішінде кәсіптік білім беруді дамытады; бірлестіктер, кәсіподақтар және басқа да қоғамдық ұйымдар күшіне енеді және кәсіптік білімі бар кәсіпорындармен өзара байланысты.

2023-2024 оқу жылында Аккредиттеуден өткен 6В05247-Экология және 7М05223-Экология оқу бағдарламаларының өзіндік бағалау есебі дайындалды және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары, сауалнама нәтижелері, БББ және элективті пәндер каталогы, оқу-әдістемелік жұмыстары, жұмыс берушілердің сараптамалары мен ұсыныстары т.б. айналымдағы іс-құжаттар жаңартылды.

Институционалдық аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыруда келу уақыты ақпан айының 20-23 күндеріне түскен. Осыған байланысты 6В05247-Экология және 7М05223-Экология ББ-ның өзіндік бағалау есептерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалып жіберілді. Өзіндік бағалауда жалпы 7 стандарт бойынша ББ-дың оқу үдерісі, ғылым, тәрбие бағыттарының жалпы жасалған жұмыстардың сипаттамасы, расталғандығы жөнінде ресми сайттардың және құжаттардың тізілімі қоса берілген. Бұдан басқа, ОПҚ-ң қызметі барысында атқарылған жұмыстардың барлық бағыты қарастырылған.

6В05247-Экология және 7М05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу барысында еңбек нарығында түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, бэнчмаркетинг сараптамасы бойынша ББ-ң даму перспективалары жан-жақты қаралды. Жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізілді. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті ұйымдастырылып, өзіндік есептері үш тілде жазылып тәуелсіз агенттігіне (БСҚА) жіберілген.

Ақпанның 20-22 күндері аралығында Білім Беру Сапасын Қамтамасыз Ету Тәуелсіз Агенттігінің (БСҚА) бағдарламаларды аккредиттеу стандарттарының критерийлеріне сәйкестігін анықтау мақсатында 6В05247 Экология және 7М05223 Экология білім беру бағдарламаларын Аккредиттеуден өткізу туралы бірқатар жұмыстар атқарылды. Сыртқы аккредиттеу барысында жеті стандарт бойынша жұмыстар жүргізілді: Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету және академиялық адалдық саласындағы саясат; Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту, ақпаратты басқару; Стандарт 3.Студентке бағдарланған оқыту сабақ беру және бағалау; Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау; Стандарт 5. Профессор-оқытушылар құрамы; Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау; Стандарт 7. Қоғамды ақпараттандыру.

А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6В05247 Экология және 7М05223 Экология білім беру бағдарламалары 1-ші Кластерге кіретін бағдарламалық аккредиттеу бойынша сыртқы аудит жүргізу жөніндегі сараптама тобының құрамына келесі тұлғалар кірді (кесте1):

Кесте 1 - 6В05247 Экология және 7М05223 Экология білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден өткізу жөніндегі сарапшылар тобы

| № | Аты-жөні | Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы | Топ мүшесінің мәртебесі |
|---|---|---|---|
| 1 | Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновна | Биология, география және химия кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы, Қорқыт имени атындағы Қызылорда университеті | Топ жетекшісі, сарапшы |
| 2 | Ерошенко Василий Иванович | Экология және табиғатты пайдалану кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, география факультеті, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті | Халықаралық сарапшы<br><br>онлайн |
| | Мукушева Гулим Кенесбековна | Бейорганикалық және техникалық химия кафедрасының меңгерушісі, химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті | Ұлттық сарапшы |
| 3 | Сейлхан Айнур Сейлханкызы | География және экология кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті | Ұлттық сарапшы |
| 4 | Сулейменова Жаксикуль Журсинбаевна | "Қазыбек Би атындағы №14 жалпы орта мектебі"директоры | Жұмыс берушілердің өкілі |
| 5 | Рысбекова Жанерке Қайнарқызы | "Туристік дестинациялар менеджменті" білім беру бағдарламасының 4 жылдық студенті, халықаралық туризм және | Студенттердің өкілі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қонақжайлылық университеті | |
| 6 | Жуварова Аида Саятовна | ЖОО және ҒЗИ аккредиттеу бөлімі, білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA) | Үйлестіруші |

Сыртқы аудит сараптама тобының мүшесі Сейлхан Айнур Сейлханкызының 6В05247 Экология және 7М05223 Экология білім беру бағдарламаларының ғылыми әлеуетін сұрау барысында келесі мәліметтер ұсынылды: 1. Профессорлық–оқытушылық құрамының ғылыми метрикалық мәліметтер базасында индекстелген басылымдардағы жарияланымдарының көрінісі қазіргі ғалым үшін маңызды көрсеткіш болып табылады. WoS және Scopus ДБ Экология және химия кафедрасының әрбір ғалымының кәсіби қызметін дамытуға ықпал ететін ғылыми ақпараттың ауқымды ресурстары болып табылады. Жыл сайын кафедраның ПОҚ 6В05247-Экология және 7М05223-Экология ББ бойынша өздерінің ғылыми еңбектерін рейтингтік базаларда жариялайды. Жарияланымдар бойынша барлық деректерді төмендегі 2-кестеден көруге болады. ЖОО-ның ішкі рейтингтік жүйесіне сәйкес ip.ayu.edu.kz Экология және химия кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы халықаралық дәйексөз базаларында жариялау қызметінің көрсеткіштері бойынша жоғары орынға ие және жалақыға қосымша ақы түрінде сыйақы алады. 6В05247-Экология және 7м05223-Экология ББ оқытушылары Жоғары білім беру саласындағы әлеуетті арттыру бағыты бойынша 2023 жылғы 30 қарашадағы Еуропалық Комиссияның Білім және мәдениет жөніндегі Атқарушы Агенттігінің ERASMUS-EDU-2023-CBHE № 101129032 "Жер ресурстарын басқару, қоршаған орта және қатты қалдықтар: білім беру және бизнес контекстінде" халықаралық грантының иегерлері атанды. Erasmus+халықаралық гранттық жобасын іске асыру мақсатында" (Land Management, Environment & SoLId-Waste: inside education and business in Central Asia" - Leslie). Сонымен қатар кафедрада №0223РКИ0087 "қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды негіздей отырып, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу кезінде химиялық қосылыстар алудың және тауарлық өнім өндірудің инновациялық технологияларын әзірлеу" бастамашыл жобасының ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Кесте 2 - Экология және химия кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы халықаралық дәйексөз базаларында жариялау қызметінің көрсеткіштері

| п/п | ОПҚ аты-жөні | Scopus сілтемесі | WoS сілтемесі | ORCID |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Акбасова Аманкул Джакановна | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6504195625 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/49c3a3e1-f97a-4790-b72d-ed15b8a6b50e-cd51fd0d/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0002-0842-4647 |
| 2 | Туртабаев Сарсенбек Койшыбаевич | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6507806974 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/fc24e064-0bab-4ef7-a377-17062cf3f434-cd51d8f6/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0001-7414-1218 |
| 3 | Абжалов Багдат Садыкович | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57021710900 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/37f3fc73-72e1-443f-853e-f7ddca409fb0-cd526d7c/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0001-7983-2392 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Сарбаева Карлыга Турсынбаевна | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6507698360 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/2e6b783f-a748-4dac-827c-90dcac7c1917-cd520da1/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0003-1150-1620 |
| 5 | Меирбеков Абдилда Турсунханович | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55976160500 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/2f0ad40f-a8ee-49c0-9942-dd23b34a55c8-cd51f153/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0002-5108-5601 |
| 6 | Конурбаев Абибулла Ережепович | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57200983765 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/86fb3050-9a7a-4ecb-8e44-b8d2389ab42d-cd5290f8/relevance/1 | https://orcid.org/0009-0005-6670-3432 |
| 7 | Тойчибекова Газиза Батихановна | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55756266400 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/9c6993bb-17a0-4311-86d8-5ea987eea922-cd52a1d8/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0003-3575-3021 |
| 8 | Әбдімүтәліп Нұрлыбек Әбдімүтәліпұлы | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55755944800 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/f8d5310b-5dff-422a-9c2c-d0969ed28511-cd52ae06/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0003-1173-4344 |
| 9 | Сунакбаева Дилара Кахаровна | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55801474100 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/d65106bd-6e54-4149-9c8c-58e3a4f664c3-cd52bc4d/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0002-1182-7113 |
| 10 | Шалабаева Гульшат Сагындыковна | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57223183252 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/4e313818-4185-456f-97db-305ce22ef4c1-cd530b0b/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0003-3605-4708 |
| 11 | Ахметов Нурлан Абдурахманович | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57325646400 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/a4a9ec5c-027d-48e4-90c6-628f4b1971d7-cd535e95/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0002-5308-0425 |
| 12 | Сейдакбарова Айнур Дуненовна | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58188605400 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/cdfadd32-77a9-4591-a2a6-44ee73cc38ec-cd53bb80/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0002-5449-7839 |
| 13 | Абдраимова Куралай Тастанбековна | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194074122 | https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/2f8c37f7-2581-4079-95c8-fa10f0a2253d-cd53cfb9/relevance/1 | https://orcid.org/0000-0002-6390-2111 |

Сыртқы аудит сараптама тобының халықаралық сарапшысы Ерошенко Василий Ивановичтің 6В05247 Экология және 7М05223 Экология білім беру бағдарламаларының барлық практика түрлері бойынша жұмыстардың атқарылу барысы туралы сұрағына келесі мәліметтер ұсынылды: Аккредиттелетін ББ 6В05247-Экология және 7М05223-Экология бойынша білім алушылар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын игеру барысында бағдарламалардың оқу жоспарларында көзделген оқу, өндірістік, зерттеу және педагогикалық практикадан өтеді. Білім алушылардың практикадан өтуі университетте оқудың барлық кезеңінде практикалық дағдылар мен құзыреттерді үздіксіз қалыптастыруды көздейтін үздіксіз практикалық дайындық тұжырымдамасына негізделеді. Практиканың барлық түрлері университет ректорының бұйрығымен бекітілген практика жетекшілерінің басшылығымен практиканы ұйымдастыруға және өту шарттарына қойылатын негізгі талаптарды қамтитын практика бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Практика бағдарламаларын Экология және химия кафедрасының практика жетекшілері 6В05247-Экология және 7М05223-Экология білім беру бағдарламаларының бейінін, кәсіпорынның, ұйымның сипатын–практикадан өту орындарын (практика базасын), оқытудың күтілетін нәтижелерін ескере отырып әзірлейді және факультеттің Ғылыми комитетімен бекітіледі. Өндірістік практика бағдарламалары практика базаларымен келісіледі, өйткені Түркістан қаласы практика базасының облыстық орталығы болып табылады, негізінен облыстық білім департаменттері және қызмет салалары бойынша бағыт (экологиялық департамент, Табиғи ресурстар департаменттері, Республикалық ұлттық қорық және т.б.), бейіндер бойынша ұйымдар болып табылады. Барлық кезеңдерде практиканы ұйымдастыру түлектердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес білім алушылардың кәсіби дағдыларды меңгеруінің үздіксіздігі мен дәйектілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сыртқы аудит сараптама тобының мүшесі Мукушева Гулим Кенесбековнаның 6В05247 Экология және 7М05223 Экология білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік базамен қамтамасыз етілу деңгейі туралы сұрағына келесідей жауап берілді: "Экология және химия" кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы дайындаған оқулықтар, оқу материалдары, оқу-әдістемелік нұскаулар, монографиялар 6В05247-Экология және 7М05223-Экология ББ аккредиттелген оқу-кітапхана қорын қамтамасыз ету және толықтыру мақсатында оқытылатын пәндерге сәйкес келеді (3-кесте). Кафедра ұжымы оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету бойынша көп жұмыс істейді, өйткені "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына сәйкес оқу-әдістемелік қамтамасыз ету соңғы он жылда жарияланулы керек және оқытылатын пәндерге сәйкес келуі керек. Кафедра оқытушылары білім алушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыру үшін практикалық тапсырмаларды, тапсырмаларды, іскерлік ойындарды, ситуациялық тапсырмаларды, компьютерлік нұсқадағы тест тапсырмаларын электронды түрде көрсете отырып, электрондық оқу құралдарын пайдаланады.

2023-2024 оқу жылында ББ жаңартылуына байланысты ББ пәндерінің жалпы саны мен мазмұны өзгерді. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Пәндердің өзгеруіне байланысты силлабус, дәрістер мен практикалық (лабораториялық) сабақтар жинақтары, БӨЖ, ОББӨЖ тапсырмалары, емтихан сұрақтары т.б. дайындалды.

Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау бойынша атап кетсем. Диагностикадағы басымдықтар (тесттер және т.б.) репродуктивті тапсырмалар (ақпаратты жаңғырту) емес, шешім қабылдау процесінде білім алушының

ақпараттық өнімін құруды көздейтін білім мен дағдыларды қолдануға негізделген өнімді тапсырмалар (ағымдық бақылаулар) болып табылады: қорытынды, бағалау және т.б. Кәдімгі пәндік тесттерден басқа, білім алушыдан тек танымдық емес, реттеуші және коммуникативті әрекеттерді де талап ететін құзыреттілік тапсырмалардан тұратын метапәндік диагностикалық жұмысты жүргізу қажет. Бағалау объектісі білім беру стандарттарында көрсетілген білім беру бағдарламаларын меңгеруге қойылатын талаптарда анықталған білім алушылардың оқу жетістіктері болып табылады. Білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптар бастауыш жалпы білім берудің тиісті білім беру бағдарламалары арқылы іске асырылатын жалпы білім берудің мақсатты көрсеткіштерінің сипаттамасы болып табылады.

6В05247-Экология және 7М05223-Экология оқу бағдарламаларының материалдары ішкі аудиттің құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалды. 2023-2024 оқу жылында Аккредиттеуден өткен 6В05247-Экология және 7М05223-Экология оқу бағдарламаларының өзіндік бағалау есебінің дайындық жұмыстары жалғастырылды. Агенттіктің стандарттары бойынша өзіндік бағалау есебінің қосымшалары толтырылды. Жалпы қосымшалар саны 18 болды: Университетті дамыту бағдарламасы, Білім беру ұйымының құрылымы, білім сапасын ішкі қамтамасыз ету саясаты (университеттің білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі құжаттары), Білім беру бағдарламасы, Мамандық бойынша жұмыс оқу жоспары, Элективті пәндер каталогы, Білім беру бағдарламаларына қолжетімді бағдарламалық жабдықтың сипаттамалары, Білім беру бағдарламаларына студенттерді қабылдау және берілген дәреже туралы мәліметтер (бакалавр), Білім беру бағдарламаларына студенттерді қабылдау және берілген дәрежелер туралы мәліметтер (магистратура), Профессор-оқытушылар құрамының түйіндемесі, ПОҚ оқу, әдістемелік, ғылыми жұмысы, Білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша ғылыми мектептер мен зерттеулер, ПОҚ-ның бес жылдық кезеңдегі зияткерлік бағажы, ПОҚ академиялық ұтқырлығы бойынша мәліметтер, Студенттердің академиялық ұтқырлығы бойынша мәліметтер (оқыту және практикадан өту), Білім беру бағдарламалары бойынша түлектер, Қаржылық және материалдық қамтамасыз ету, Білім беру ұйымының қосымша қосымшалары: (жұмыс берушінің ББ-ға пікірі; дипломдық жобаның нәтижелерін пайдалану туралы акт; студенттің жеке жоспары; ББ-ны іске асыруға арналған жабдықтардың тізімі, оның ішінде халықаралық жобалар шеңберінде; студенттердің жетістіктері; дипломдық/магистрлік жұмыстардың тақырыптары, Еуропалық үлгідегі дипломға қосымшаның жоғары оқу орны нысаны (DiplomaSupplement) және т. б.). 6В05247-Экология және 7М05223-Экология оқу бағдарламаларының осы қосымшалар бойынша материалдар жинақталды және тиісінше жұмыстары жүргізілді.

ХҚТУ-де білім алушыларды қорытынды аттестаттауда дипломдық жобаларды «УЕ-ХҚТУ-048-2021 Дипломдық жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі» мен «УЕ-ХҚТУ-076-2022 Жоғары білім кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/ жоба дайындау туралы ережесі» сәйкес жүргізілген. ХҚТУ академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының бекітілген оқу жұмыс жоспарларында көзделген мерзімдерде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары үшін өткізілді. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының білім алушыларын қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтиханды дайындау және тапсыру нысанында жүргізілді. Магистратура білім алушыларын қорытынды аттестаттау магистрлік диссертация/жоба, докторлық диссертация жазу және қорғау түрінде жүргізілді. Қазіргі әлемде саясаттағы, экономикадағы, экологиядағы кез-келген оқиға немесе инновациялық технологияларды дамытудағы кішігірім қадам болса да, өзекті болды. Диссертация немесе допломдық жоба тақырыбының өзектілігі қандай болу қажет? Бұл мәселенің қазіргі қоғам үшін маңыздылығының, оны дамытудың маңыздылығының және оны шешудің нақты

жолдарын табудың дәлелі. Диссертацияның немесе допломдық жобаның авторы оның зерттеуінің өзектілігіне сенімді болуы керек және оны МЕК мүшелеріне дәлелдей алуы керек. Тақырыптың өзектілігін айта бастағанда, ұсынылған әдеби дереккөздерді, тек отандық қана емес, сонымен қатар шетелдіктерді де зерттеу қажет.

Академиялық ұтқырлық бойынша да бірқатар мәселелер қаралды. Академиялық ұтқырлықтың мақсаты-студентке оқытудың таңдалған бағыты бойынша білім алуға мүмкіндік беру, оған жетекші ғылыми мектептер құрылатын танылған білім орталықтарына қол жеткізуді қамтамасыз ету, студенттің мәдениеттің әртүрлі салаларында білімін дамыту. Айта кету керек, сыртқы академиялық ұтқырлық, ең алдымен, дәстүрлі шетелдік тағылымдамалардан ерекшеленеді, өйткені студенттер шектеулі, бірақ ұзақ уақытқа - семестрден оқу жылына дейін шетелге білім алуға барады. Тағылымдама барысында олар толыққанды оқиды, жеке пәндер мен тілді ғана емес, сонымен қатар негізгі жоғары білім беру мекемесіне оралғаннан кейін оқитын толық жылдық немесе семестрлік курстан өтеді. ХҚТУ-де Академиялық ұтқырлық мүмкіншіліктері УЕ-ХҚТУ-014-2023 Мәулана алмасу бағдарламасы туралы ереже негізінде де іске асырылуы мүмкін. Бұл бағдарлама бойынша бакалавриат деңгейінде 1-3 курс, ал магистратура деңгейінде 1 курс білімгерлері арасында ұйымдастырылады.

Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ Даму жоспарын әзірлеу бойынша. Бағдарламаның стратегиясы белгіленген құзыреттілік моделін қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ жұмыс берушілердің ықтимал шеңберін кеңейтуге бағытталған. Негізгі мақсаты-еңбек нарығында сұранысқа ие, қоршаған орта объектілерінің мониторингі саласында практикалық зерттеулер жүргізуге және биосфераның ластану дәрежесін айқындауға, кәсіби дағдыларды жетілдіру арқылы ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдер қабылдауға жоғары қабілетті мамандарды даярлау. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы - негізі экологиялық сауаттылық компоненті ретінде жүйелі ойлауға бағытталған, сондай-ақ жұртшылықты экологиялық білімге көшуге және жеке мінез-құлықты өзгертуге назар аударудан шығуға, экологиялық білім беру мен оқытудың тұжырымдамалық моделін ұсынуға, экологиялық білімді табиғи ресурстарды басқарудың иерархиялық экологиясын, экологиялық саясатты және жергілікті әлеуметтік-экологиялық жүйенің басқа да элементтерін сипаттайтын тұжырымдамалық үлгілерге біріктіруге шақырды.

2024-2025 оқу жылына дайындық жұмыстарының тізімінде біріншіден БББ жұмыс берушілерінің және басқа ЖОО-ң сараптамасынан өткізу, пікірлері мен сауалнамаларын алу, келесі жылдың контингентін жоспарлау бойынша кәсіби-бағдар жұмыстарын атқару, ОЖЖ-ын әзірлеу болған. Осы жұмыстардың негізінде келесі жылға пән презентацияларын 1-4 курс білім алушылырының арасында өткізіп тіркелді. Пән презентациясының нәтижелері бойынша келесі оқу жылының жүктемесіне сәйкес силлабустарды әзірлеу жұмыстарын талдады. Талдау барысында НОЖ-ы бойынша өзгерістерді анықтап, жаңа пәндердің силлабустарының құрылымын жасау қажеттігі ескерілді.

Наурыз айында жыл сайынғы «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырысы бойынша 2024 жылы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын бағалау рейтингісі дайындалды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі арасындағы №22/2865 10.10.2022 жылғы келісім-шарты негізінде ЖОО-ның білімалушыларына мекеменің кәсіби қызметімен таныстыру және қазіргі кездегі табиғи ресурстардың экологиялық мәселелерін жан-жақты зерделеу үшін басқарманың қызметкерлерін 6В05247-Экология білім беру бағдарламасының студенттеріне шолу дәрістері жүргізілді.

6В05247-Экология және 7М05223-Экология Білім беру бағдарламалары бойынша қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмысқа орналасу және кәсіби өсу үшін еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін дайындау-бағдарламаның негізгі бағыты

карастырылды. Бағдарлама экологиялық мониторингтің дағдылары мен әдістерін, білімді практикада қолдану мүмкіндіктерін игеруге, жобалау қызметінің негіздерін қалыптастыруға және білім алушылардың коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. 6В05247-Экология 4 жыл ішінде және 7М05223-Экология білім беру бағдарламаларында білім алушылар үшін 2 жыл ішінде іске асырылатын теориялық даярлық көлемі құзыреттілік тәсілі енгізілген, белсенді білім беру технологиялары пайдаланылған, жұмыс берушілерді оқу процесіне тарту есебінен оқыту талаптарына сәйкес келетін деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасында жоғары білікті мамандарды даярлау үшін қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жеткілікті. Бакалаврлар және магистратура халықаралық бағдарламалары негізінде құрастырылған жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын ескере отырып, пәндерді оқиды.

Осы орайда бес мәселе қаралды: ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау ушін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау, сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Бірінші мәселеге сәйкес ақпан айындағы 6В05247 Экология және 7М05223 Экология білім беру бағдарламаларының Білім Беру Сапасын Қамтамасыз Ету Тәуелсіз Агенттігінің (БСҚА) аккредиттеу стандарттарының критерийлеріне сәйкестігін анықтау барысында берілген ескерпелеріне талдау жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, БСҚА-нен келген хатына (орыс тілінде) сәйкес келесі мәліметтер толтырылды.

План мероприятий образовательных программ Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави по реализации рекомендаций внешней экспертной комиссии Независимого агенства по обеспечению качества в образовании IQAA (20-23 февраля 2024г.)

| № п/п | Рекомендации внешней экспертной комиссии | Мероприятия по выполнению рекомендаций | Сроки исполнения | Ответственный за исполнение |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 кластер: 6В05247,7М05223 – Экология | | | | |
| По СТАНДАРТУ 2 «РАЗРАБОТКА, УТВЕРЖДЕНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ И УПРАВЛЕНИЕ ИНФОРМАЦИЕЙ» | | | | |
| 1 | Включить в программу учебной практики по образовательной программе 6В05247 Экология изучение компонентов окружающей среды непосредственно в природе, реализовав учебную практику в форме выездной (полевой) | Проведение учебной практики в полевых условиях на территории Каратауского Государственного природного заповедника по образовательной программе 6В05247 Экология | Февраль 2025г. | Заведующий кафедры, руководители учебных практик |
| По СТАНДАРТУ 6 «УЧЕБНЫЕ РЕСУРСЫ И ПОДДЕРЖКА СТУДЕНТОВ» | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Усилить контроль за содержанием общежитий, обеспечением бесперебойного и достаточного отопления в холодный период года. | Обеспечение централизованного отопительного снабжения в общежитиях | В течении 2024-2025 учебного года. | Департамент хозобеспечения |
| 2 | Обновить базу лабораторных приборов, используюемых для экологических исследований. | Представление заявок на приобретение необходимых лабораторных приборов и других необходимых материалов для проведения экологических исследований | В течении 2024-2025 учебного года. | Заведующий кафедры |
| 3 | Провести инвентаризацию и приобрести дополнительные реактивы, необходимые для анализа проб компонентов окружающей среды, в частности, для выявления загрязнений тяжелыми металлами | Проведение инвентаризации и подача заявок на приобретение дополнительных реактивов для экспериментальных лабораторных анализов | В течении 2024-2025 учебного года. | Заведующий кафедры, ответственный персонал за материально-техническое обеспечение |
| По СТАНДАРТУ 7 «ИНФОРМИРОВАНИЕ ОБЩЕСТВЕННОСТИ» | | | | |
| 1 | Обновить сведения, касающиеся образовательных программ 7M05223 Экология и 6B05247 Экология, представленные на официальном сайте Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави. | Поэтапное обновление данных по образовательным программам 7M05223 Экология и 6B05247 Экология ввиду обновления учебно-методических, научно-практических и других материалов касающихся образовательного процесса | В течении 2024-2025 учебного года. | Заведующий кафедры, ППС |
| 2 | Разместить и обеспечить доступность для посетителей | Представить и рассмотреть | В течении 2024-2025 | Заведующий |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сайта информации о деятельности выпускников образовательных программ 7M05223-Экология и 6B05247 - Экология. | общедоступность информации о деятельности выпускников образовательных программ 7M05223-Экология и 6B05247 – Экология на сайте Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави | учебного года. | кафедры, Ассоциация выпускников |
| 3 | Обеспечить перевод страниц официального сайта Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави на русский язык в целях привлечения потенциальных обучающихся | Представление на сайт ВУЗа материалов касающихся образовательных программ 7M05223-Экология и 6B05247 – Экология на русском языке | В течении 2024-2025 учебного года. | Заведующий кафедры, Департамент информационных технологий |

Екінші мәселе бойынша 6В05247 Экология және 7М05223 Экология білім беру бағдарламаларының шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау барысында Әбдімүтәліп Нұрлыбек Әбдімүтәліпұлы «Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері» және «Инклюзивті білім беру» бойынша «Science Service» International Project Coordination Center ұйымдастыруымен біліктілік курстарынан өтіп, сертификаттарды иеленді.

Үшінші мәселе бойынша, қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс берудің қажеттілігі туындамады, себебі, 6В05247 Экология және 7М05223 Экология білім беру бағдарламалары бойынша ОПҚ ғылыми дәрежелігі 85 %, сонымен қатар, PhD Н.А.Ахметов Түркия мемлекетінде докторантура бағдарламасын аяқтап және түрік тілінде кәсіби пәндерді жүргізуіне байланысты.

Төртінші мәселе бойынша, 6В05247 Экология және 7М05223 Экология білім беру бағдарламаларының пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау жұмыстары мамыр айына шегерілген, яғни Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-ші қосымшасына сәйкес Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтердің толтыруына сәйкес жүргізілді.

Бесінші мәселе бойынша, сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау барысында Атамекен ҰКП-ның 2023 жылғы Білім беру бағдарламаларының рейтингі критерийлері бойынша ЕСУВО жүйесінде деректерді толтыру бойынша 9 Қосымшаға сәйкес жұмыстар атқарылған.

«Қоршаған орта» бағыты бойынша Академиялық комитеттің жүргізіп жатқан жұмыстардың үлкен көлемін қорытындылау, сондай-ақ, 6В05247-Экология және 7М05223-Экология білім беру бағдарламаларын дамытудың жай-күйі мен тенденцияларының мазмұнды және көрнекі бейнесін алу үшін төменде SWOT талдауы берілген.

| SWOT талдау | |
|---|---|
| **Күшті жақтары** | **Әлсіз жақтары** |
| 1. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндердің мазмұны түлек моделінің талаптарына сәйкес келуі,<br>2. «Қоршаған орта» бағыты бойынша кафедра мен жұмыс берушілер арасындағы тығыз жұмыстар жоғары деңгейде орныққан, яғни БББ-ның жасалуына, түлектердің жұмысқа орналасуына, дуальды оқыту үдерісіне және практик мамандардың сабақ беруіне жағдайлар қарастырылған;<br>3. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология білім беру бағдарламалар түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіштерінің жоғары болуы;<br>4. «Қоршаған орта» бағыты бойынша ОПҚ-ның ғылыми дәрежелігінің жоғары болуы;<br>5. Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесінің реестірінде (http://esuvo.platonus.kz/) 6B05247-Экология білім беру бағдарламасы ОН қолжеткізушілік коэффициенті: **96.42 пайызбен**, 7M05223–Экология білім беру бағдарламасы ОН қолжеткізушілік коэффициенті: **93,61 пайызбен өтті.**<br>6. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология білім беру бағдарламалары Білім Беру Сапасын Қамтамасыз Ету Тәуелсіз Агенттігінің (БСҚА) аккредиттеу стандарттарының критерийлеріне сәйкес екендігіне расталып, сертификат алынды | 1. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология білім беру бағдарламаларының оқу лабораторияларының жетіспеушілігі;<br>2. Жоғарыда аталған ББ-ның кәсіби тәжрибелік пәндеріне қажетті қондырғылар мен құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі;<br>3. Оқу үдерісіне қажетті ақпараттық кәсіби бағдарламаларының жоқтығы (ГАЖ, эра-ауа, эра-қалдықтар, эра-тастандылар). |

Қорытындылай келе, «Қоршаған орта» бағыты бойынша Академиялық комитеттің 2023-2024 оқу жылында атқарылған көптеген жұмыстар жоспар бойынша уақытылы жүргізіліп, оқу үдерісіне қажетті барлық іс-құжаттармен қамтамасыз етілген. Жүргізілген SWOT талдаудың нәтижесін қорытындылай келе, 6B05247-Экология және 7M05223-Экология білім беру бағдарламаларының оқу үдерісіне қажетті техникалық құралдардың жетіспеушілігі мен кейбіреулерінің мүлдем болмауының салдарынан, түлектің кәсіби ортада толық жетілуіне тежеуші фактор екендігі айқындалды.

**«Қоршаған орта» бағытының**
**Академиялық комитет төрағасы:** **Г.Б.Тойчибекова**

**Академиялық комитет хатшысы:** **Н.Ә.Әбдімүтәліп**